

Жер қатынастары, геодезия және картография саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту және "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 1 қарашадағы № 1392 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 16 сәуірдегі № 358 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.04.2014 № 358 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.07.2013 № 722 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 34-бабының 2-тармағына және «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1, 15-2-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) «Жер учаскесіне жеке меншік құқығына актілерді ресімдеу және беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

2) «Тұрақты жер пайдалану құқығына актілерді ресімдеу және беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

3) «Уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығына актілерді ресімдеу және беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

4) «Уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына актілерді ресімдеу және беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

5) «Аэротүсірілім жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

6) «Геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта салуға (ауыстыруға) рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

7) «Жер учаскесінің тиесілілігі туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

8) «Жер учаскесіне кадастрлық ақпарат беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

- 9) «Жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын дайындау туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызмет стандарты;
- 10) «Жер учаскесіне құқықтың алғаш берілуінің құқық белгілеуші құжаты туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызмет стандарты;
- 11) «Мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын бекіту» мемлекеттік қызмет стандарты;
- 12) «Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту» мемлекеттік қызмет стандарты;
- 13) «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» мемлекеттік қызмет стандарты;
- 14) «Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандарты бекітілсін.

2. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.09.2013 № 983 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы № 561 қаулысына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 ақпандағы № 102 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2010 ж., № 15-16, 132-құжат);

2) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 ақпандағы № 102 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 мамырдағы № 545 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2011 ж., № 39, 481-құжат);

3) «Мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы № 561 қаулысына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 ақпандағы № 102 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1429 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2012 ж., № 5, 94-құжат).

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
С. Ахметов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 1 қарашадағы
№ 1392 қаулысымен
бекітілген

«Жер учаскесіне жеке меншік құқығына актілерді ресімдеу және беру» мемлекеттік қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.07.2013 № 722 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

«Жер учаскесіне жеке меншік құқығына актілерді ресімдеу және беру» мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) жер учаскесінің орналасқан жері бойынша осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің «Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны және оның филиалдары (бұдан әрі – Кадастрды жүргізетін кәсіпорын) тарапынан және мекенжайлары осы стандартқа 2-қосымшада көрсетілген Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалдары (бұдан әрі – орталық) арқылы көрсетіледі.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 23 және 43-баптарының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат:

- 1) Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің интернет-ресурсында;
- 2) Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің www.kuzr.gov.kz интернет-ресурсында;
- 3) Кадастрды жүргізетін кәсіпорындардың ғимараттарындағы стенділерінде;
- 4) Кадастрды жүргізетін кәсіпорынның www.aisgzk.kz интернет-ресурсында;
- 5) орталықтың www.con.gov.kz интернет-ресурсында;
- 6) орталықтың стенділерінде орналастырылады.

Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат сондай-ақ call-орталығының 1414 телефоны арқылы берілуі мүмкін.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі қағаз тасымалдағышта жер учаскесіне жеке меншік құқығына актіні немесе жер учаскесіне жеке меншік құқығына актінің телнұсқасын беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту себебі көрсетілген бас тарту туралы дәлелді жазбаша түрдегі жауап беру

б о л ы п

т а б ы л а д ы .

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет алушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) Кадастрды жүргізетін кәсіпорынға жүгіну сәтінен бастап: жер учаскесіне жеке меншік құқығына арналған актіні берген кезде – 6 ж ұ м ы с к ү н і ;

жер учаскесіне жеке меншік құқығына арналған актінің телнұсқасын берген кезде – 4 ж ұ м ы с к ү н і ;

мемлекеттік қызмет алғанға дейін кезекте күтудің рұқсат берілген ең көп уақыты – 30 минуттан аспайды;

мемлекеттік қызмет алушыға өтініш берген күні қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең көп уақыты – 30 минуттан аспайды;

2) орталыққа өтініш берген сәттен бастап: жер учаскесіне жеке меншік құқығына арналған актіні берген кезде – 6 ж ұ м ы с к ү н і ;

жер учаскесіне жеке меншік құқығына арналған актінің телнұсқасын берген кезде – 4 ж ұ м ы с к ү н і ;

мемлекеттік қызмет алғанға дейін кезекте күтудің рұқсат берілген ең көп уақыты – 20 минуттан аспайды;

мемлекеттік қызмет алушыға өтініш берген күні қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең көп уақыты – 20 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет ақылы көрсетіледі.

Жер учаскесіне жеке меншік құқығына актіні немесе актінің телнұсқасын дайындағаны үшін мемлекеттік қызмет құны осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес мөлшерде есептеп шығарылады.

Жер учаскесіне жеке меншік құқығына актіні немесе актінің телнұсқасын дайындау үшін ақы төлеу қолма-қол немесе қолма-қол емес тәсілмен екінші деңгейдегі банктер арқылы Кадастрды жүргізетін кәсіпорынның есеп шотына не Кадастрды жүргізетін кәсіпорын ғимаратындағы кассаларда жүргізіледі, олар төлемнің мөлшері мен уақытын растайтын төлем құжатын (түбіртек) береді. Төлем құжатының (түбіртектің) нысаны осы стандартқа 4-қосымшада көрсетілген.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға олар он сегіз жасқа толғанға дейінгі кезеңге жер учаскесіне жеке меншік құқығына актіні немесе актінің телнұсқасын дайындау өтеусіз негізде жүргізіледі.

9. Кадастрды жүргізетін кәсіпорынның жұмыс кестесі: еңбек заңнамасына сәйкес, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда күн сайын, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9-00-ден 18-00

-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13-00-ден 14-00-ге дейін.

Орталықтарда құжаттарды қабылдау еңбек заңнамасына сәйкес, жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда күн сайын, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін үзіліссіз жүзеге асырылады.

Қабылдау «электрондық кезек» тәртібімен жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

10. Мемлекеттік қызмет:

1) Кадастрды жүргізетін кәсіпорынның ғимаратында көрсетіледі, залда анықтама бюросы, күту орындары, толтырылған бланк үлгілері бар ақпараттық стенділер, өтініш бланкілері бар тағандар орналастырылады, физикалық мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жағдайлар (пандус, лифт) көзделген;

2) мемлекеттік қызмет алушының таңдауы бойынша орталық ғимаратында көрсетіледі, онда мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жағдай қарастырылған, өртке қарсы қауіпсіздік шаралары қабылданған. Залда анықтама бюросы, күту орындары, ақпараттық стенділер орналастырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызмет алу үшін мемлекеттік қызмет алушы мыналарды ұсынады:

Кадастрды жүргізетін кәсіпорынға:

1) мемлекет жер учаскесіне жеке меншік құқығын берген кезде: Кадастрды жүргізетін кәсіпорынға осы стандартқа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер учаскесіне жеке меншік құқығына актіні беруге өтініш; жергілікті атқарушы органның жер учаскесіне жеке меншік құқығын беру туралы шешімінен үзінді көшірме; облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының (бұдан әрі – уәкілетті орган) жер қатынастары саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі бекіткен жерге орналастыру жобасының және жергілікті жерде жер учаскесінің шекараларын белгілеу жөніндегі материалдардың көшірмелері;

жеке тұрғын үй құрылысына бөлуге арналған алаңда жер учаскелерін орналастырудың жерге орналастыру жобасы болған жағдайда, көрсетілген жұмыстарды орындаған ұйым беретін, нақты жер учаскесіне арналған жерге орналастыру жобасының бір бөлігі және оның жергілікті жердегі шекараларын белгілеу жөніндегі материалдар; жер учаскесін сатып алу-сату шартының көшірмесі (жер учаскесін сату

к е з і н д е) ;

уәкілетті органның жер учаскесінің сатып алу бағасын төлеу туралы және жер учаскесін төлеу мерзімін ұзартып сату кезінде мәміле жасасуға тыйым салынатыны туралы (жер учаскесін сату кезінде) анықтамасы;

бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) көрсетілген заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе нотариалды расталған куәліктің* көшірмесі ;

жер учаскесіне жеке меншік құқығына актіні дайындағаны үшін қызметтерге ақы төленгені туралы төлем құжаты (түбіртек);

мемлекеттік қызмет алушының атынан берілген сенімхаттың көшірмесі (қ а ж е т б о л ғ а н д а) ;

Қазақстан Республикасы азаматының не сенім білдірілген тұлғаның жеке куәлігінің немесе төлқұжатының көшірмесі;

2) бұрын жер пайдалануға берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын с а т ы п а л у к е з і н д е :

Кадастрды жүргізетін кәсіпорынға осы стандартқа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер учаскесіне жеке меншік құқығына актіні беруге өтініш;

жергілікті атқарушы органның жер учаскесіне жеке меншік құқығын беру туралы шешімінен үзінді көшірме;

жер учаскесін сатып алу-сату шартының көшірмесі (жер учаскесін сату к е з і н д е) ;

уәкілетті органның жер учаскесінің сатып алу бағасын төлеу туралы және жер учаскесін төлеу мерзімін ұзартып сату кезінде мәміле жасасуға тыйым салынатыны туралы (жер учаскесін сату кезінде) анықтамасы;

бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) көрсетілген заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе нотариалды расталған куәліктің* көшірмесі ;

жер учаскесіне жеке меншік құқығына актіні дайындағаны үшін қызметтерге ақы төленгені туралы төлем құжаты (түбіртек);

мемлекеттік қызмет алушының атынан берілген сенімхаттың көшірмесі (қ а ж е т б о л ғ а н д а) ;

Қазақстан Республикасы азаматының не сенім білдірілген тұлғаның жеке куәлігінің немесе төлқұжатының көшірмесі;

3) жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамалары өзгерген жағдайда:

Кадастрды жүргізетін кәсіпорынға осы стандартқа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер учаскесіне жеке меншік құқығына актіні беруге өтініш;

жергілікті атқарушы органның бұрын жеке меншік құқығымен берілген жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамаларын өзгерту туралы шешімінің және/немесе жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамаларының өзгергенін

растайтын басқа құжаттың көшірмесі;
уәкілетті орган бекіткен жерге орналастыру жобасының және жергілікті жерде жер учаскесінің шекараларын белгілеу жөніндегі материалдардың көшірмелері;

бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) көрсетілген заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе нотариалды расталған куәліктің* көшірмесі;

жер учаскесіне жеке меншік құқығына актіні дайындағаны үшін қызметтерге ақы төленгені туралы төлем құжаты (түбіртек);
мемлекеттік қызмет алушының атынан берілген сенімхаттың көшірмесі (қажет болғанда);

Қазақстан Республикасы азаматының не сенім білдірілген тұлғаның жеке куәлігінің немесе төлқұжатының көшірмесі;

4) жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамаларында өзгерістер болмаған жағдайда бұрын қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер учаскесіне жеке меншік құқығы актісін ауыстыру немесе жер учаскесіне жеке меншік құқығы актісінің телнұсқасын беру кезінде:

Кадастрды жүргізетін кәсіпорынға осы стандартқа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер учаскесіне жеке меншік құқығына актіні немесе актінің телнұсқасын беруге өтініш;

жер учаскесіне жеке меншік құқығына актіні немесе актінің телнұсқасын дайындағаны үшін қызметтерге ақы төленгені туралы төлем құжаты (түбіртек);
мемлекеттік қызмет алушының атынан берілген сенімхаттың көшірмесі (қажет болғанда);

Қазақстан Республикасы азаматының не сенім білдірілген тұлғаның жеке куәлігінің немесе төлқұжатының көшірмесі;

бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) көрсетілген заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе нотариалды расталған куәліктің* көшірмесі;

жер учаскесінің орналасқан жері бойынша жергілікті облыстық газеттің жер учаскесіне жеке меншік құқығына актінің түпнұсқасын жарамсыз деп тану туралы хабарландыру жарияланған данасы;

5) жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамаларында өзгерістер болмаған кезде құқық белгілейтін құжат өзгерген жағдайда, бұрын қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер учаскесіне жеке меншік құқығына берілген актіні ауыстыру кезінде:

Кадастрды жүргізетін кәсіпорынға осы стандартқа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер учаскесіне жеке меншік құқығына актіні беруге өтініш;
жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі;

жер учаскесіне жеке меншік құқығына актінің телнұсқасын дайындағаны үшін қызметтерге ақы төленгені туралы төлем құжаты (түбіртек); мемлекеттік қызмет алушының атынан берілген сенімхаттың көшірмесі (қ а ж е т б о л ғ а н д а) ;

Қазақстан Республикасы азаматының не сенім білдірілген тұлғаның жеке куәлігінің немесе төлқұжатының көшірмесі; бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) көрсетілген заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе нотариалды расталған куәліктің* к ө ш і р м е с і .

Ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды б о л а д ы .

Тұлғаның жеке куәлігінің немесе сенімхаттың көшірмелерін тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары ұсынылады, олар тексерілгеннен кейін мемлекеттік қызмет алушыға қайтарылады. о р т а л ы қ қ а :

1) мемлекет жер учаскесіне жеке меншік құқығын берген кезде: Кадастрды жүргізетін кәсіпорынға осы стандартқа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер учаскесіне жеке меншік құқығына актіні беруге өтініш; жергілікті атқарушы органның жер учаскесіне жеке меншік құқығын беру туралы шешімінен үзінді көшірме; уәкілетті орган бекіткен жерге орналастыру жобасының және жергілікті жерде жер учаскесінің шекараларын белгілеу жөніндегі материалдардың к ө ш і р м е л е р і ;

жеке тұрғын үй құрылысына бөлуге арналған алаңда жер учаскелерін орналастырудың жерге орналастыру жобасы болған жағдайда, көрсетілген жұмыстарды орындаған ұйым беретін, нақты жер учаскесіне арналған жерге орналастыру жобасының бір бөлігі және оның жергілікті жердегі шекараларын белгілеу жөніндегі материалдар; жер учаскесін сатып алу-сату шартының көшірмесі (жер учаскесін сату к е з і н д е) ;

уәкілетті органның жер учаскесінің сатып алу бағасын төлеу туралы және жер учаскесін төлеу мерзімін ұзартып сату кезінде мәміле жасасуға тыйым салынатыны туралы (жер учаскесін сату кезінде) анықтамасы; жер учаскесіне жеке меншік құқығына актіні дайындағаны үшін қызметтерге

ақы төленгені туралы төлем құжаты (түбіртек);
бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетілген (БСН) заңды тұлғаны мемлекеттік
тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе нотариалды расталған куәліктің*
к ө ш і р м е с і ;

мемлекеттік қызмет алушының атынан берілген сенімхаттың көшірмесі (
қ а ж е т б о л ғ а н д а) ;

Қазақстан Республикасы азаматының не сенім білдірілген тұлғаның жеке
куәлігінің немесе төлқұжатының көшірмесі;

2) бұрын жер пайдалануға берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын
с а т ы п а л у к е з і н д е :

Кадастрды жүргізетін кәсіпорынға осы стандартқа 5-қосымшада берілген
нысан бойынша жер учаскесіне жеке меншік құқығына актіні беруге өтініш;
жергілікті атқарушы органның жер учаскесіне жеке меншік құқығын беру
туралы шешімінен үзінді көшірме;
жер учаскесін сатып алу-сату шартының көшірмесі (жер учаскесін сату кезде)
;

уәкілетті органның жер учаскесінің сатып алу бағасын төлеу туралы және
жер учаскесін төлеу мерзімін ұзартып сату кезінде мәміле жасасуға тыйым
салынатыны туралы (жер учаскесін сату кезінде) анықтамасы;

жер учаскесіне жеке меншік құқығына актіні дайындағаны үшін қызметтерге
ақы төленгені туралы төлем құжаты (түбіртек);

бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетілген (БСН) заңды тұлғаны мемлекеттік
тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе нотариалды расталған куәліктің*
к ө ш і р м е с і ;

мемлекеттік қызмет алушының атынан берілген сенімхаттың көшірмесі (
қ а ж е т б о л ғ а н д а) ;

Қазақстан Республикасы азаматының не сенім білдірілген тұлғаның жеке
куәлігінің немесе төлқұжатының көшірмесі;

3) жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамалары өзгерген жағдайда:

Кадастрды жүргізетін кәсіпорынға осы стандартқа 5-қосымшаға сәйкес нысан
бойынша жер учаскесіне жеке меншік құқығына актіні беруге өтініш;
жергілікті атқарушы органның бұрын жеке меншік құқығымен берілген жер
учаскесінің сәйкестендіру сипаттамаларының өзгеруі туралы шешімінен
үзіндінің және/немесе жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамаларының өзгеруін
растайтын басқа құжаттың көшірмесі;

уәкілетті орган бекіткен жерге орналастыру жобасының және жергілікті
жерде жер учаскесінің шекараларын белгілеу жөніндегі материалдардың
к ө ш і р м е л е р і ;

жер учаскесіне жеке меншік құқығына актіні дайындағаны үшін қызметтерге

ақы төленгені туралы төлем құжаты (түбіртек);
бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) көрсетілген заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе нотариалды расталған куәліктің*
к ө ш і р м е с і ;

мемлекеттік қызмет алушының атынан берілген сенімхаттың көшірмесі (қ а ж е т б о л ғ а н д а) ;

Қазақстан Республикасы азаматының не сенім білдірілген тұлғаның жеке куәлігінің немесе төлқұжатының көшірмесі;

4) жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамаларында өзгерістер болмаған жағдайда бұрын қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер учаскесіне жеке меншік құқығы актісін ауыстыру немесе жер учаскесіне жеке меншік құқығы актісінің телнұсқасын беру кезінде:

Кадастрды жүргізетін кәсіпорынға осы стандартқа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер учаскесіне жеке меншік құқығына актіні немесе актінің телнұсқасын беруге өтініш;

жер учаскесіне жеке меншік құқығына актіні немесе телнұсқасын дайындағаны үшін қызметтерге ақы төленгені туралы төлем құжаты (түбіртек);

жер учаскесінің орналасқан жері бойынша жергілікті облыстық газеттің жер учаскесіне жеке меншік құқығына актінің түпнұсқасын жарамсыз деп тану туралы хабарландыру жарияланған данасы;

бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) көрсетілген заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе нотариалды расталған куәліктің*
к ө ш і р м е с і ;

мемлекеттік қызмет алушының атынан берілген сенімхаттың көшірмесі (қ а ж е т б о л ғ а н д а) ;

Қазақстан Республикасы азаматының не сенім білдірілген тұлғаның жеке куәлігінің немесе төлқұжатының көшірмесі;

5) жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамаларында өзгерістер болмаған кезде құқық белгілейтін құжат өзгерген жағдайда, бұрын қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер учаскесіне жеке меншік құқығына берілген актіні ауыстыру кезінде:

Кадастрды жүргізетін кәсіпорынға осы стандартқа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер учаскесіне жеке меншік құқығына актіні беруге өтініш;

жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі;

жер учаскесіне жеке меншік құқығына актінің телнұсқасын дайындағаны үшін қызметтерге ақы төленгені туралы төлем құжаты (түбіртек);

мемлекеттік қызмет алушының атынан берілген сенімхаттың көшірмесі (қ а ж е т б о л ғ а н д а) ;

Қазақстан Республикасы азаматының не сенім білдірілген тұлғаның жеке

куәлігінің немесе төлқұжатының көшірмесі;
бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) көрсетілген заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе нотариалды расталған куәліктің*
к ө ш і р м е с і ;

Ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды
б о л а д ы .

Мемлекеттік ақпараттық ресурс болып табылатын, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің немесе төлқұжатының, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың мәліметтерін Орталық тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден халыққа қызмет көрсету ақпараттық жүйесі арқылы уәкілетті қызметкерлердің ЭЦҚ куәландырылған (қол қойылған) электрондық құжат нысанында алады.

Тұлғаның жеке куәлігінің немесе сенімхаттың көшірмелерін тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары ұсынылады, олар тексерілгеннен кейін мемлекеттік қызмет алушыға қайтарылады.

Осы тармақта көрсетілген тиісті құжаттар толық ұсынылмаған жағдайда, Кадастрды жүргізетін кәсіпорын мемлекеттік қызметті алушыны құжаттар тапсырылған сәттен бастап екі жұмыс күнінен аспайтын мерзімде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себебі туралы жазбаша хабардар етеді. Одан әрі Кадастрды жүргізетін кәсіпорынның аталған негіздеме бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға құқығы жоқ.

12. Өтініштердің бланкілері анықтама бюросында болады.

Орталықта мемлекеттік қызметті алу үшін өтініштердің бланкілері күту залындағы арнайы тағанда орналастырылады немесе орталықтың консультанттарында болады.

13. Құжаттарды қабылдауды осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес жер учаскесінің орналасқан орнына байланысты Кадастрды жүргізетін кәсіпорынның уәкілетті тұлғасы жүзеге асырады.

Орталықта құжаттарды қабылдауды орталықтың қызметкерлері жүзеге асырады.

14. Кадастрды жүргізетін кәсіпорын немесе орталық мемлекеттік қызмет алушыға осы стандартқа 11-тармағында көрсетілген құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат береді, онда:

1) сұраудың нөмірі және қабылданған күні;

- 2) сұрау салынған мемлекеттік қызмет түрі;
- 3) қоса берілген құжаттардың саны мен атаулары;
- 4) құжаттарды беру күні (уақыты) мен орны;
- 5) мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтінішті қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты мен лауазымы көрсетіледі;
- 6) өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты, уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты және олардың байланыс телефондары көрсетіледі.

15. Жер учаскесіне жеке меншік құқығына актіні беру сенімхатты, қолхатты және мемлекеттік қызмет алушының не сенім білдірілген тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатты ұсына отырып, мемлекеттік қызмет алушының жеке өзіне не сенім білдірілген тұлғаға жүзеге асырылады.

16. Кадастрды жүргізетін кәсіпорын мынадай жағдайда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартды:

- 1) аталған жер учаскесі бойынша сот шешімдерінің болуы не сот қарауы жүріп жатқаны туралы хабарламаның болуы;
- 2) Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының бұзылуы жойылғанға дейін прокурорлық қадағалау актісінің болуы;
- 3) бір учаскеге құқықты ресімдеуге қатысты бірнеше өтініштің болуы немесе құқықты ресімдеу процесіне осы жер учаскесінің басқа да пайдаланушылары анықталған кезде.

Жер учаскелеріне құқықтарды ресімдеуді сот шешімдері және прокурорлық қадағалау актілері бойынша тоқтата тұру ол үшін негіз болып табылған мән-жайлар анықталғанға дейінгі, ал бірнеше өтініштер түсу себебі бойынша тараптар арасында келісім орнатылғанға дейінгі не заңды күшіне енген сот шешімі ұсынылғанға дейінгі мерзімге кейінге қалдырылған деп есептеледі.

Жер учаскелеріне құқықтарды ресімдеуді тоқтата тұру туралы мәліметтер тіркеу және есепке алу кітабына енгізіледі. Мемлекеттік қызмет алушыға жер учаскесіне жеке меншік құқығына актіні ресімдеуді тоқтата тұруға негіз болған құжатты және тоқтата тұру мерзімдерін көрсете отырып, ресімдеуді тоқтата тұру себептерін жою үшін қызмет алушының кейінгі іс-қимылын көрсете отырып жазбаша хабарлама жолданады.

Кадастрды жүргізетін кәсіпорын белгіленген мерзім ішінде мемлекеттік қызметті алушыға жер учаскесіне жеке меншік құқығына актіні немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты бермеген жағдайда, оны беру күнінің мерзімі өткеннен кейін жер учаскесіне жеке меншік құқығына акті берілген болып есептеледі.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Кадастрды жүргізетін кәсіпорынның және орталықтың мемлекеттік қызметті алушыға қатысты қызметі мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
- 2) қызметтік борышты атқару кезінде заңдылықты сақтау;
- 3) мемлекеттік қызмет алушылармен жұмыс істеген кезде сыпайылық таныту;
- 4) көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы толық ақпарат беру;
- 5) өтінішті қарау кезінде лауазымды тұлғалар қызметінің ашықтығы;
- 6) мемлекеттік қызмет алушы құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету;
- 7) мемлекеттік қызмет алушы құжаттарының мазмұны жөніндегі ақпаратты қорғау және құпиялылықты сақтау.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызмет алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жұмыс нәтижелері осы стандартқа 6-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Мемлекеттік қызметтің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәндері жыл сайын осыған құзыреті бар Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі басшысының бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Кадастрды жүргізетін кәсіпорынның уәкілетті тұлғасының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіретін және шағымдарды дайындауға жәрдем көрсететін лауазымды тұлғалардың байланыс деректері осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген.

Орталық қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты call-орталықтың 1414 телефоны арқылы алуға болады.

21. Мемлекеттік қызметті көрсетуді ұйымдастыруға Кадастрды жүргізетін кәсіпорын жауапты болып табылады. Мемлекеттік қызмет алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетіне және мекенжайлары мен телефондары осы стандартқа 7-қосымшада көрсетілген Кадастрды жүргізетін кәсіпорынның жауапты лауазымды адамына жүгіне алады.

22. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде дөрекі қызмет көрсетуге шағымды мемлекеттік қызмет алушы:

- 1) Кадастрды жүргізетін кәсіпорында мекенжайлары мен телефондары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген Кадастрды жүргізетін кәсіпорын басшысының атына;
- 2) орталықта мекенжайлары мен телефондары осы стандартқа 3-қосымшада

көрсетілген орталық басшысының атына жолдайды.

23. Мемлекеттік қызмет алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

24. Шағым онда көрсетілген мәселелерді шешу құзыретіне кіретін субъектіге немесе лауазымды тұлғаға жолдануға тиіс.

Шағымда тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта болған жағдайда), электрондық мекенжайы, күні көрсетіледі. Шағымға мемлекеттік қызмет алушы қол қоюы тиіс. Шағым берген кезде әрекетіне шағым жасалатын субъектінің атауы немесе лауазымы, лауазымды тұлғалардың тегі және аты-жөні, шағымдану себептері мен талаптары көрсетіледі.

25. Қабылданған шағым кіріс құжаттарын есепке алу журналында тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде қаралады. Мемлекеттік қызмет алушыға күні мен уақыты, шағымды (арызды) қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні және берілген шағымға жауап алатын орны, шағымның қаралу барысы туралы білуге болатын лауазымды адамдардың байланыс деректері көрсетілген талон беріледі. Шағымның қаралу нәтижесі туралы өтініш иесіне жазбаша түрде пошта арқылы хабарланады.

Азаматтардың өтініштерін қараудың белгіленген мерзімдері – күнтізбелік 30 күн, ал қосымша ақпарат алуды және зерделеуді талап етпеген жағдайда – күнтізбелік 15 күн.

Орталықта: қолма-қол және пошта арқылы шағымдардың қабылдануының растауы оның орталықтың кеңсесінде тіркелуі (мөртабаны, кіріс нөмірі және тіркелген күні шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Шағымды қабылдаған тұлға мемлекеттік қызмет алушыға оның шағымының қабылданғаны жөнінде талон береді, онда нөмірі, күні, шағымды қабылдаған тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, байланыс телефоны көрсетіледі.

26. Егер мемлекеттік қызмет алушы құжаттарды алуға мерзімінде келмеген жағдайда, Кадастрды жүргізетін кәсіпорын оларды мұрағатта сақтауды қамтамасыз етеді.

Егер мемлекеттік қызмет алушы құжаттарды алуға мерзімінде келмеген жағдайда, орталық оларды бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оларды Кадастрды жүргізетін кәсіпорынға береді.

«Жер учаскесіне жеке меншік құқығына актілерді ресімдеу

және беру» мемлекеттік
 қызмет стандартына
 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің «Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі бөлімдері мен филиалдарының тізбесі

Р/с №	Кәсіпорынның, филиалдың, бөлімнің атауы	Орналасқан жері, мекенжайы	Мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты лауазымды адам	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5
1	«Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны	010000, Астана қаласы, Желтоқсан көшесі, 25	Бас директордың орынбасары	8(7172)32-08-68
	Ақмола облысы			
2	«ЖерҒӨО» РМК Ақмола филиалы	020000, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89	Директор орынбасары	8(7162)25-33-40
3	Ақкөл аудандық бөлімі	020100, Ақкөл ауданы, Ақкөл қаласы, Нұрмағамбетов көшесі, 81	Бөлім басшысы	8(71638)2-30-45
4	Астрахан аудандық бөлімі	020300, Астрахан ауданы, Астрахан ауылы, Әл-Фараби көшесі, 50	Бөлім басшысы	8(71641)2-27-92
5	Атбасар аудандық бөлімі	020400, Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, Ағыбай батыр көшесі, 53а, 38-пәтер	Бөлім басшысы	8(71643)2-43-23
6	Бұланды аудандық бөлімі	020500, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Некрасов көшесі, 19	Бөлім басшысы	8(71646)2-18-08
7	Бурабай аудандық бөлімі	021700, Бурабай ауданы, Щучинск қаласы, Абылай хан көшесі, 34	Бөлім басшысы	8(71636)4-69-08
8	Егіндікөл аудандық бөлімі	020600, Егіндікөл ауданы, Егіндікөл ауылы, Жеңіс көшесі, 6	Бөлім басшысы	8(71642)2-15-10
9	Еңбекшілдер аудандық бөлімі	020700, Еңбекшілдер ауданы, Степняк қаласы, Біржан сал көшесі, 96	Бөлім басшысы	8(71639)2-20-34
10	Есіл аудандық бөлімі	020900, Есіл ауданы, Есіл қаласы, Д. Қонаев көшесі, 12	Бөлім басшысы	8(71647)2-02-40

11	Жақсы аудандық бөлімі	021000, Жақсы ауданы, Жақсы ауылы, Ленин көшесі, 1	Бөлім басшысы	8(71635)2-17-73
12	Жарқайың аудандық бөлімі	021100, Жарқайың ауданы, Державин қаласы, Захаров көшесі, 31, 4-каб.	Бөлім басшысы	8(71648)9-27-53
13	Зеренді аудандық бөлімі	021200, Зеренді ауданы, Зеренді ауылы, Бейбітшілік көшесі, 42\2	Бөлім басшысы	8(71632)2-16-97
14	Сандықтау аудандық бөлімі	021400, Сандықтау ауданы, Балкашино ауылы, Ленин көшесі, 119	Бөлім басшысы	8(71640)9-22-53
15	Шортанды аудандық бөлімі	021600, Шортанды ауданы, Шортанды кенті, Лермонтов көшесі, 13	Бөлім басшысы	8(71631)2-24-46
16	Көкшетау қалалық бөлімі	020000, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89	Бөлім басшысы	8(7162)25-73-13
17	Степногор қалалық бөлімі	021500, Степногор қаласы, 4-ші шағын аудан, 32-үй, 3-пәтер	Бөлім басшысы	8(71645)6-34-73
18	Целиноград аудандық бөлімі	Астана қаласы, Абай көшесі, 63, 180-кеңсе	Бөлім басшысы	8(7172)40-55-84
19	Аршалы аудандық бөлімі	020200, Аршалы ауданы, Аршалы кенті, Мәншүк Мәметова көшесі, 12а	Бөлім басшысы	8(71644)2-16-90
20	Ерейментау аудандық бөлімі	020800, Ерейментау ауданы, Ерейментау қаласы, А. Құнанбаев көшесі, 136	Бөлім басшысы	8(71633)2-11-61
21	Қорғалжын аудандық бөлімі	021300, Қорғалжын ауданы, Қорғалжын ауылы, Болғанбаев көшесі, 9	Бөлім басшысы	8(71637)2-15-20
Ақтөбе облысы				
22	«ЖерҒӨО» РМК Ақтөбе филиалы	030000, Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы, Ш. Қалдаяқов көшесі, 5	Директор орынбасары	8(7132)54-06-94
23	Ақтөбе қалалық бөлімі	030000, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Ш. Қалдаяқов көшесі, 5	Директор орынбасары	8(7132)54-06-94
24	Әйтеке би аудандық бөлімі	030100, Әйтеке би ауданы, Комсомол ауылы, Балдырған көшесі, 10/1	Бөлім басшысы	8(71339)21-7-58
25	Алға аудандық бөлімі	032000, Алға ауданы, Алға қаласы, 5-ші шағын аудан, 4, 317 -кеңсе	Бөлім басшысы	8(71337)4-19-13
26	Байғанин аудандық бөлімі	030300, Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы, Д. Қонаев көшесі, 36	Бөлім басшысы	8(71345)23-1-50
27	Ырғыз аудандық бөлімі	Ырғыз ауданы, Ырғыз ауылы, Алтынсарин көшесі, 12	Бөлім басшысы	8(71343)21-8-33
28	Қарғалы аудандық бөлімі	030500, Қарғалы ауданы, Бадамша ауылы, Әйтеке би көшесі, 32	Бөлім басшысы	8(71342)23-2-60

29	Қобда аудандық бөлімі	031000, Қобда ауданы, Астана көшесі, 26	Бөлім басшысы	8(71341)22-0-34
30	Мәртөк аудандық бөлімі	030600, Мәртөк ауданы, Мәртөк кенті, Сейфуллин көшесі, 38	Бөлім басшысы	8(71331)21-6-05
31	Мұғалжар аудандық бөлімі	030700, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы, Интернационал көшесі, 7	Бөлім басшысы	8(71333)3-23-78
32	Темір аудандық бөлімі	030800, Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Желтоқсан көшесі, 5	Бөлім басшысы	8(71346)23-3-15
33	Ойыл аудандық бөлімі	030900, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Көкжар көшесі, 69	Бөлім басшысы	8(71332)2-12-22
34	Хромтау аудандық бөлімі	031100, Хромтау ауданы, Хромтау қаласы, Спорт көшесі, 2	Бөлім басшысы	8(71336)25-9-92
35	Шалқар аудандық бөлімі	031200, Шалқар ауданы, Шалқар қаласы, Әйтеке би көшесі, 63	Бөлім басшысы	8(71335)23-4-07
Алматы облысы				
36	«ЖерҒӨО» РМК Алматы филиалы	040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 36/42	Директор орынбасары	8(7282)24-25-31
37	Ақсу ауданы жер қатынастары бөлімі	040100, Ақсу ауданы, Жансүгіров кенті, Желтоқсан көшесі, 5	Бөлім басшысы	8(72832)2-23-14
38	Алакөл ауданы жер қатынастары бөлімі	040200, Алакөл ауданы, Үшарал қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 112	Бөлім басшысы	8(72833)2-34-45
39	Ескелді ауданы жер қатынастары бөлімі	041006, Ескелді ауданы, Қарабұлақ кенті, Қ. Сәтпаев көшесі, 35	Бөлім басшысы	8(72836)3-22-06
40	Текелі қалалық бөлімі	041006, Қарабұлақ кенті, Қ. Сәтпаев көшесі, 35	Бөлім басшысы	8(72836)3-22-06
41	Қаратал ауданы жер қатынастары бөлімі	041000, Қаратал ауданы, Үштөбе қаласы, Қосмолданов көшесі, 21	Бөлім басшысы	8(72834)2-18-75
42	Кербұлақ ауданы жер қатынастары бөлімі	041100, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек кенті, Момышұлы көшесі, ХҚК ғимараты	Бөлім басшысы	8(72840)3-28-48
43	Көксу ауданы жер қатынастары бөлімі	041200, Көксу ауданы, Балпық би кенті, Қабанбай батыр көшесі, 10	Бөлім басшысы	8(72838)2-24-36
44	Панфилов ауданы жер қатынастары бөлімі	040300, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Головацкий көшесі, 131	Бөлім басшысы	8(72831)5-39-41
45	Сарқант ауданы жер қатынастары бөлімі	041500, Сарқант ауданы, Сарқант қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 115	Бөлім басшысы	8(72839)2-10-05
46	Талдықорған қаласының жер қатынастары бөлімі	040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 36/42	Бөлім басшысы	8(7282)39-03-85

47	«ЖерҒӨО РМК» Алматы аумақтық филиалы	050008, Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 107	Директор орынбасары	8(727)277-99-55
48	Қарасай аудандық бөлімі	040900, Қарасай ауданы, Қаскелең ауылы, Наурызбай батыр көшесі, 31	Бөлім басшысы	8(72771)2-00-41
49	Жамбыл аудандық бөлімі	040600, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Қараш батыр көшесі, 117	Бөлім басшысы	8(72770)2-07-88
50	Еңбекшіқазақ аудандық бөлімі	040400, Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, Алтын адам көшесі, 140	Бөлім басшысы	8(72775)4-51-67
51	Талғар аудандық бөлімі	041600, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 72	Бөлім басшысы	8(72774)2-41-40
52	Іле аудандық бөлімі	040700, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, 98	Бөлім басшысы	8(72752)2-26-91
53	Қапшағай қалалық бөлімі	040800, Қапшағай қаласы, Қойшыманов көшесі, 4	Бөлім басшысы	8(72772)4-16-50
54	Ұйғыр аудандық бөлімі	041800, Ұйғыр ауданы, Шонжы ауылы, Қасымбеков көшесі, 35	Бөлім басшысы	8(72778)2-28-08
55	Райымбек аудандық бөлімі	041400, Райымбек ауданы, Кеген ауылы, Бидайбек көшесі, 60	Бөлім басшысы	8(72777)2-11-10
56	Балқаш аудандық бөлімі	040300, Балқаш ауданы, Бақанас ауылы, Бижанов көшесі, 21/1	Бөлім басшысы	8(72773)9-54-02
57	«ЖерҒӨО» РМК Алматы қалалық филиалы	050008, Алматы қаласы, М. Әуезов көшесі, 107	Директор орынбасары	8(727)375-42-10
58	«ЖерҒӨО» РМК Астана филиалы	010000, Астана қаласы, Желтоқсан көшесі, 25	Директор орынбасары	8(7172)32-88-82
Атырау облысы				
59	«ЖерҒӨО» РМК Атырау филиалы	060005, Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 96б	Директор орынбасары	8(7122)45-15-15
60	Атырау қалалық бөлімі	060005, Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 96б	Бөлім басшысы	8(7122)45-15-30
61	Махамбет аудандық бөлімі	060700, Махамбет ауданы, Махамбет ауылы, А. Қонаев көшесі, 13	Бөлім басшысы	8(71236)2-10-02
62	Индер аудандық бөлімі	060200, Индер ауданы, Индер кенті, Меңдіғалиев көшесі, 30	Бөлім басшысы	8(71234)2-22-40
63	Жылыой аудандық бөлімі	060100, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Ізтұрғанов көшесі, 7	Бөлім басшысы	8(71237)5-23-25
64	Құрманғазы аудандық бөлімі	060400, Құрманғазы ауданы, Ганюшкин ауылы, Х. Есполаев көшесі, 61	Бөлім басшысы	8(71233)2-10-11
65	Қызылқоға аудандық бөлімі	060500, Қызылқоға ауданы, Миялы ауылы, Сәтпаев көшесі, 24	Бөлім басшысы	8(71238)2-14-10
66	Мақат аудандық бөлімі	060600, Доссор ауданы, Мақат кенті, Мұқашев көшесі, 2	Бөлім басшысы	8(71239)3-11-07

67	Исатай аудандық бөлімі	060300, Исатай ауданы, Аққыстау ауылы, Егемен Қазақстан көшесі, 7	Бөлім басшысы	8(71231)2-13-89
Шығыс Қазақстан облысы				
68	«ЖерҒӨО» РМК Шығыс Қазақстан филиалы	070002, Өскемен қаласы, Ворошилова көшесі, 152	Директор орынбасары	8(7232)22-48-10
69	Өскемен қалалық бөлімі	070002, Өскемен қаласы, Киев көшесі, 69	Бөлім басшысы	8(7232)22-18-29
70	Аягөз аудандық бөлімі	070200, Аягөз ауданы, Аягөз қаласы, Дүйсенова көшесі, 100	Бөлім басшысы	8(72237)3-00-32
71	Глубокое аудандық бөлімі	070500, Глубокое ауданы, Глубокое кенті, Пирогов көшесі, 30	Бөлім басшысы	8(72331)7-90-44
72	Зайсан аудандық бөлімі	070700, Зайсан ауданы, Зайсан қаласы, Кондюрин көшесі, 3	Бөлім басшысы	8(72340)2-18-30
73	Зырян аудандық бөлімі	070800, Зырян ауданы, Зырян қаласы, Жақсыбаев көшесі, 32-2	Бөлім басшысы	8(72335)6-20-92
74	Қатон-Қарағай аудандық бөлімі	070900, Қатон-Қарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылай хан көшесі, 92	Бөлім басшысы	8(72341)2-19-02
75	Көкпекті аудандық бөлімі	071000, Көкпекті ауданы, Көкпекті ауылы, Аухадиев көшесі, 42	Бөлім басшысы	8(72348)2-15-18
76	Күршім аудандық бөлімі	071200, Күршім ауданы, Күршім кенті, Б. Момышұлы көшесі, 77	Бөлім басшысы	8(72339)2-11-00
77	Риддер қалалық бөлімі	071300, Риддер қаласы, Тоқтаров көшесі, 6	Бөлім басшысы	8(72336)4-28-15
78	Тарбағатай аудандық бөлімі	071500, Тарбағатай ауданы, Ақсуат ауылы, Кабеков көшесі, 19	Бөлім басшысы	8(72346)2-23-64
79	Ұлан аудандық бөлімі	071600, Ұлан ауданы, Қасым Қайсенов кенті, 5	Бөлім басшысы	8(72338)2-78-49
80	Үржар аудандық бөлімі	071700, Үржар ауданы, Үржар ауылы, Абылай хан даңғылы, 142	Бөлім басшысы	8(72230)3-52-56
81	Шемонаиха аудандық бөлімі	071800, Шемонаиха ауданы, Шемонаиха қаласы, Советская көшесі, 62	Бөлім басшысы	8(72332)3-17-86
82	«ЖерҒӨО» РМК Семей аумақтық филиалы	071410, Семей қаласы, Байтұрсынов көшесі, 6	Директор орынбасары	8(7222)42-26-35
83	Абай аудандық бөлімі	070100, Абай ауданы, Қарауыл ауылы, Құнанбай көшесі, 12	Бөлім басшысы	8(72252)9-15-95

84	Бесқарағай аудандық бөлімі	070300, Бесқарағай ауданы, Бесқарағай ауылы, Сейфуллин көшесі, 146	Бөлім басшысы	8(72236)9-06-61
85	Бородулиха аудандық бөлімі	070400, Бородулиха ауданы, Бородулиха ауылы, Достық көшесі, 227	Бөлім басшысы	8(72351)2-20-37
86	Жарма аудандық бөлімі	070600, Жарма ауданы, Қалбатау ауылы, Мұсылманқұлов көшесі, 62	Бөлім басшысы	8(72347)6-55-16
Жамбыл облысы				
87	«ЖерҒӨО» РМК Жамбыл филиалы	080000, Тараз қаласы, Қазыбек би көшесі, 26	Директор орынбасары	8(7262)43-72-20
88	Байзақ аудандық бөлімі	080111, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Байзақ батыр көшесі, 115	Бөлім басшысы	8(72637)2-13-21
89	Жамбыл аудандық бөлімі	080200, Жамбыл ауданы, Аса ауылы, Абай көшесі, 121	Бөлім басшысы	8(72633)2-12-13
90	Жуалы аудандық бөлімі	080300, Жуалы ауданы, Бауыржан Момышұлы ауылы, Рыспек батыр көшесі, 56	Бөлім басшысы	8(72635)2-18-68
91	Қордай аудандық бөлімі	080400, Қордай ауданы, Қордай ауылы, Жібек жолы көшесі, 197	Бөлім басшысы	8(72636)2-16-04
92	Меркі аудандық бөлімі	080500, Меркі ауданы, Меркі ауылы, Мұсабеков көшесі, 1	Бөлім басшысы	8(72632)2-16-09
93	Мойынқұм аудандық бөлімі	080600, Мойынқұм ауданы, Мойынқұм ауылы, Амангелді көшесі, 68	Бөлім басшысы	8(72642)2-14-49
94	Сарысу аудандық бөлімі	080700, Сарысу ауданы, Жанатас қаласы, 1-ші шағын аудан, 18	Бөлім басшысы	8(72634)6-23-26
95	Талас аудандық бөлімі	080800, Талас ауданы, Қаратау қаласы, Шейн көшесі, 47	Бөлім басшысы	8(72644)6-33-13
96	Т. Рысқұлов аудандық бөлімі	080900, Т. Рысқұлов атындағы аудан, Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі, н/ж	Бөлім басшысы	8(72631)2-31-74
97	Шу аудандық бөлімі	081100, Шу ауданы, Төле би ауылы, Б. Шолақ көшесі, 189	Бөлім басшысы	8(72643)2-10-99
98	Тараз қалалық бөлімі	080000, Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі, 28	Бөлім басшысы	8(7262)43-85-66
Батыс Қазақстан облысы				
99	«ЖерҒӨО» РМК Батыс Қазақстан филиалы	090002, Орал қаласы, Ә. Молдағұлова көшесі, 22	Директор орынбасары	8(7112)26-99-09
100	Ақжайық аудандық бөлімі	090100, Ақжайық ауданы, Чапаев ауылы, Әбілқайыр хан көшесі, 57/а	Бөлім басшысы	8(71136)9-24-62

101	Бөкей ордасы аудандық бөлімі	090200, Бөкей ордасы ауданы, Сайқын ауылы, Т. Жароков көшесі, 27	Бөлім басшысы	8(71140)2-18-36 , 2-11-96
102	Берілі аудандық бөлімі	090300, Берілі ауданы, Ақсай қаласы, Советская көшесі, 60/2	Бөлім басшысы	8(71133)2-19-70
103	Жаңақала аудандық бөлімі	090400, Жаңақала ауданы, Жаңақала ауылы, 1 мамыр көшесі, 14	Бөлім басшысы	8(71141)2-24-02
104	Жәнібек аудандық бөлімі	090500, Жәнібек ауданы, Жәнібек ауылы, Ғ. Қараш көшесі, 63	Бөлім басшысы	8(71135)2-20-15
105	Зеленов аудандық бөлімі	090600, Зеленов ауданы, Переметное ауылы, Гагарин көшесі, 83	Бөлім басшысы	8(71130)2-34-46
106	Қазталов аудандық бөлімі	090700, Қазталов ауданы, Қазталов ауылы, Жабаев көшесі, 4	Бөлім басшысы	8(71144)3-11-28
107	Қаратөбе аудандық бөлімі	090800, Қаратөбе ауданы, Қаратөбе ауылы, Құрманғалиев көшесі, 19	Бөлім басшысы	8(71145)3-11-71
108	Сырым аудандық бөлімі	090900, Сырым ауданы, Жымпиты ауылы, Қазақстан көшесі, 8	Бөлім басшысы	8(71134)3-12-98
109	Тасқала аудандық бөлімі	091000, Тасқала ауданы, Тасқала ауылы, Абай көшесі, 19А	Бөлім басшысы	8(71139)2-25-09
110	Теректі аудандық бөлімі	091100, Теректі ауданы, Федеровка ауылы, Юбилейная көшесі, 20	Бөлім басшысы	8(71132)2-30-88
111	Шыңғырлау аудандық бөлімі	091200, Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Тайманов көшесі, 93А	Бөлім басшысы	8(71137)3-42-58
112	Орал қалалық бөлімі	090002, Орал қаласы, Ө. Молдағұлова көшесі, 22	Бөлім басшысы	8(71125)4-70-43
Қарағанды облысы				
113	«ЖерҒӨО» РМК Қарағанды филиалы	100009, Қарағанды қаласы, Пассажирская көшесі, 15	Директор орынбасары	8(7212)47-52-32
114	Қарағанды қалалық бөлімі	100009, Қарағанды қаласы, Пассажирская көшесі, 15а	Бөлім басшысы	8(7212)47-56-66
115	Жезқазған қалалық бөлімі	100600, Жезқазған қаласы, Холмецкий көшесі, 80а	Бөлім басшысы	8(71027)2-10-50
116	Ұлытау аудандық бөлімі	100600, Жезқазған қаласы, Холмецкий көшесі, 80а	Бөлім басшысы	8(71027)2-10-50
117	Сәтпаев қалалық бөлімі	100600, Жезқазған қаласы, Холмецкий көшесі, 80а	Бөлім басшысы	8(71027)2-10-50
118	Теміртау қалалық бөлімі	101400, Теміртау қаласы, Металлургтер көшесі, 12	Бөлім басшысы	8(72139)1-83-57

119	Абай аудандық бөлімі	100100, Абай ауданы, Абай қаласы, Энгельс көшесі, 37, 24-пәтер	Бөлім басшысы	8(72131)4-66-67
120	Ақтоғай аудандық бөлімі	100200, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Ержанов көшесі, 1а	Бөлім басшысы	8(71037)2-15-38
121	Балқаш қалалық бөлімі	100300, Балқаш қаласы, Уәлиханов көшесі, 5	Бөлім басшысы	8(71036)4-27-26
122	Бұқар жырау аудандық бөлімі	100400, Бұқар жырау ауданы, Ботақара кенті, Абылай хан көшесі, 38а	Бөлім басшысы	8(72154)2-20-94
123	Жаңаарқа аудандық бөлімі	100500, Жаңаарқа ауданы, Атасу кенті, Тәуелсіздік даңғылы, 2	Бөлім басшысы	8(71030)2-82-50
124	Қарқаралы аудандық бөлімі	100800, Қарқаралы ауданы, Қарқаралы кенті, Бөкейханов көшесі, 40	Бөлім басшысы	8(72146)3-15-08
125	Қаражал қалалық бөлімі	100700, Қаражал қаласы, Сары Тоқа көшесі, 1	Бөлім басшысы	8(71032)2-66-92
126	Нұра аудандық бөлімі	100900, Нұра ауданы, Киевка кенті, Д. Қонаев көшесі, 31	Бөлім басшысы	8(72144)2-23-92
127	Осакаровка аудандық бөлімі	101000, Осакаровка ауданы, Осакаровка кенті, Октябрьская көшесі, 123/1	Бөлім басшысы	8(72149)4-15-74
128	Приозерск қалалық бөлімі	101100, Приозерск қаласы, Балхашская көшесі, 5	Бөлім басшысы	8(71039)5-39-87
129	Саран қалалық бөлімі	101200, Саран ауданы, Саран қаласы, Ленин көшесі, 4	Бөлім басшысы	8(72137)2-30-72
130	Шахтинск қалалық бөлімі	101600, Шахтинск қаласы, Абай даңғылы, 67, 49, 50-пәтер	Бөлім басшысы	8(72156)5-39-80
131	Шет аудандық бөлімі	101712, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, 28/2	Бөлім басшысы	8(71031)2-23-57
Қостанай облысы				
132	«ЖерҒОО» РМК Қостанай филиалы	110000, Қостанай қаласы, Амангелді көшесі, 93А	Директор орынбасары	8(7142)54-08-01
133	Қостанай қалалық бөлімі	110000, Қостанай қаласы, Амангелді көшесі, 93А	Директор орынбасары	8(7142)54-08-01
134	Алтынсарин аудандық бөлімі	110101, Алтынсарин ауданы, Обаған ауылы, Ленин көшесі, 4	Бөлім басшысы	8(71445)3-42-84
135	Амангелді аудандық бөлімі	110200, Амангелді ауданы, Амангелді ауылы, Майлин көшесі, 14	Бөлім басшысы	8(71440)2-19-73
136	Арқалық аудандық бөлімі	110300, Арқалық қаласы, Абай даңғылы, 43	Бөлім басшысы	8(71430)7-01-14
137	Әулікөл аудандық бөлімі	110400, Әулікөл ауданы, Әулікөл ауылы, Целинный көшесі, 7	Бөлім басшысы	8(71453)2-11-86

138	Денисов аудандық бөлімі	110500, Денисов ауданы, Денисов ауылы, 50 лет Октября көшесі, 29	Бөлім басшысы	8(71434)2-12-61
139	Жангелді аудандық бөлімі	110600, Жангелді ауданы, Торғай ауылы, Алтынсарин көшесі, 4	Бөлім басшысы	8(71439)2-16-32
140	Жітіқара аудандық бөлімі	110700, Жітіқара ауданы, Жітіқара қаласы, 6-шағын аудан, 55-үй, 205-кабинет	Бөлім басшысы	8(71435)2-65-92
141	Қамысты аудандық бөлімі	110800, Қамысты ауданы, Қамысты ауылы, Ленин көшесі, 22	Бөлім басшысы	8(71437)2-20-22
142	Қарабалық аудандық бөлімі	110900, Қарабалық ауданы, Қарабалық кенті, Ленин көшесі, 16, 3-кабинет	Бөлім басшысы	8(71441)3-36-51
143	Қарасу аудандық бөлімі	111000, Қарасу ауданы, Қарасу ауылы, Исаков көшесі, 66	Бөлім басшысы	8(71452)2-21-22
144	Қостанай аудандық бөлімі	110010, Қостанай ауданы, Затобол кенті, Терешков көшесі, 13	Бөлім басшысы	8(71455)2-23-34
145	Лисаковск қалалық бөлімі	111200, Лисаковск қаласы, 2-шағын аудан, 13а	Бөлім басшысы	8(71433)3-21-42
146	Меңдіқара аудандық бөлімі	111300, Меңдіқара ауданы, Боровское ауылы, Летунов көшесі, 1	Бөлім басшысы	8(71443)2-11-58
147	Наурызым аудандық бөлімі	111400, Наурызым ауданы, Қараменді ауылы, Шаяхметов көшесі, 4	Бөлім басшысы	8(71454)2-16-82
148	Рудный қалалық бөлімі	111500, Рудный қаласы, Космонавтар даңғылы, 12	Бөлім басшысы	8(71431)4-80-22
149	Сарыкөл аудандық бөлімі	111600, Сарыкөл ауданы, Сарыкөл кенті, Ленин көшесі, 67	Бөлім басшысы	8(71451)2-27-06
150	Таран аудандық бөлімі	111700, Таран ауданы, Таран ауылы, Калинин көшесі, 72	Бөлім басшысы	8(71436)3-63-42
151	Ұзынкөл аудандық бөлімі	111800, Ұзынкөл ауданы, Ұзынкөл ауылы, Абылай хан көшесі, 38	Бөлім басшысы	8(71444)2-44-82
152	Федоров аудандық бөлімі	111900, Федоров ауданы, Федоров ауылы, Красноармейский көшесі, 53	Бөлім басшысы	8(71442)2-22-34
Қызылорда облысы				
153	«ЖерҒӨО» РМК Қызылорда филиалы	120008, Қызылорда қаласы, Абай Құнанбаев даңғылы, 48	Директор орынбасары	8(7242)23-44-32
154	Арал аудандық бөлімі	120100, Арал ауданы, Арал қаласы, Мектеп көшесі, 35	Бөлім басшысы	8(72433)2-45-41

155	Қазалы аудандық бөлімі	120400, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Жанқожа батыр көшесі, 11	Бөлім басшысы	8(72438)2-38-21
156	Қармақшы аудандық бөлімі	120500, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Абай көшесі, 95	Бөлім басшысы	8(72437)2-29-25
157	Жалағаш аудандық бөлімі	120200, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, М. Мырзалиев көшесі, 22	Бөлім басшысы	8(72431)3-11-64
158	Жаңақорған аудандық бөлімі	120300, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, М. Көкенов көшесі, 31	Бөлім басшысы	8(72435)2-11-45
